

Ілияс Жансүгіров. «Жетісу» суреттері

1-тапсырма. Видео материалды қара,ақын өмірі мен шығармашылығы туралы конспект жаз.

<https://youtu.be/E1H5TrMSUJI>

***2-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. Сөздікті дәптерлеріңе
көшіріп жаз.***

- * Табиғат – природа
- * Адам – человек
- * Ақын – поэт
- * Дарынды – талантливый
- * Қиял-сезім – фантазия-чувство
- * Теңеу – равнение
- * Негізгі – главная
- * Талант – талант
- * Дара – индивидуальный
- * Алғаш – первый

3-тапсырма. Мәтінді оқы.

- * Илиястың өскен ортасы да, өмір кешкен қоғамы да оның **ең алғаш** қалам тартып, ақындық жолға түсуіне түрткі болған. Ақынның дарынын ішкі **талант** құбылыс-қасиетін ашқан, **әсемдік** әлеміне жетелеген – өзінің туып өскен жер жаннаты – Жетісудың таңғажайып табиғаты мен сұлулығы. Әдетте **сұлулыққа** құмар **адам** ғана **қиял-сезімге** бой ұрады. Бұл жайтты Илияс та басынан кешірген. **Шынында** да, ақынның суреткерлік, қылқалам шеберлігі секілді қасиетке ие болмай, ірі полотно жазуы мүмкін емес.
- * Шынайы дарын тірі, көрікті табиғатты сезіне отырып, оны өлең етіп жазады.
- * Илиястың табиғат лирикасына орай жазылған өлеңін алып қарасаңыз, ондағы стиль өрнегі, шығармашылық **дара** тұлғасы **айқындалып** тұрады.
- * **Ақын** өлеңіндегі эпикалық кеңдік, теңеу, эпитет, метафора, градация, эпифора, анафора байлығы – оның поэзиясындағы **негізгі** белгілер. Одан халықтық, фольклорлық леп сезіледі. Олай болуы заңды да. Халқымыздың құт берекесі дарыған, **көне заманнан** даналық пен ақындық мекені болған Жетісу жерінің перзенті Илияс **бала** күнінен бастап өлең мен жырдың қойнауында туып, сонда өсіп-өркендеген.

**4-тапсырма. Оқушылар тақырып бойынша сұрақ құрастыр,
ойбөліс өткіз.**

Дескриптор.

- ойбөліс өткізудің талаптарын пысықтайды
- сұрақтарды құрастырып, оларды талқылайды

5-тапсырма: Мәтіндегі қарамен берілген сөздердің синонимдерін тауып жаз.

Дескриптор:

- Мәтінді түсініп оқиды
- Берілген сөздердің синонимдерін таба алады.

БББ кестесін толтырыңыз.

<i>Білемін</i>	<i>Білгім келеді</i>	<i>Білдім</i>

Дескриптор:

- Алған білімдерін қорытындылау барысында кесте толтыра алады;
- Білгені мен білгендерін жазады, алдағы сабақта білгілері келетіндерін айта алады.